ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2017 жылғы 6 сәуір № 79/2

Павлодар қаласы

город Павлодар

«Павлодар облысының құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Павлодар облысы әкімдігінің 2013 жылғы 27 маусымдағы «Облыстық бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың құрылымы туралы» № 203/6 қаулысына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Павлодар облысының құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ММ) «Павлодар облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-нің бөлінуі жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Павлодар облысының әкімдігі «Павлодар облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-нің құрылтайшысы болып белгіленсін.

3. «Павлодар облысының құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ мемлекеттік органның қайта ұйымдастырыла басталғаны туралы БАҚ-да кредиторлардың хабарламасын жарияласын.

4. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемелер:

аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін, қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

5. «Павлодар облысының қаржы басқармасы» ММ қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органмен бірлесіп, заңнамамен белгіленген тәртіпте бөлу балансы бойынша жұмыс жүргізсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Р.Қ. Оразғұловқа жүктелсін.

Облыс әкімі **Б.Бақауов**

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

6 апреля 2017 года № 79/2

Павлодар қаласы

город Павлодар

О реорганизации ГУ «Управление строительства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Павлодарской области»

В соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и постановлением акимата Павлодарской области от 27 июня 2013 года № 203/6 «О структуре исполнительных органов, финансируемых из областного бюджета» акимат Павлодарской области ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Реорганизовать государственное учреждение (далее - ГУ) «Управление строительства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Павлодарской области» путем выделения ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Павлодарской области».

2. Учредителем ГУ «Управление пассажирского транспорта и атомобильных дорог Павлодарской области» определить акимат Павлодарской области.

3. ГУ «Управление строительства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Павлодарской области» опубликовать в СМИ уведомление кредиторов о начале реорганизации государственного органа.

4. Государственным учреждениям, указанным в пункте 1 настоящего постановления, обеспечить:

государственную регистрацию, перерегистрацию в территориальном органе юстиции;

принятие иных необходимых мер, вытекающих из настоящего постановления.

5. ГУ «Управление финансов Павлодарской области» совместно с реорганизуемым государственным органом в установленном законодательством порядке провести работу по разделительному балансу.

6. Контроль за выполнением настоящего постановления возложить на руководителя аппарата акима области Р. Оразгулова.

Аким области **Б.Бакауов**

«ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БАСҚАРМАСЫ» ММ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ